Негіздеме

Қазақстан Республикасының «Мәдениет туралы» Заңының 32 бабының 12 тармағына сәйкес, көрнекті ғылым, мемлекет, мәдениет қайраткерлерінің өмірімен байланысты объектілер материалдық мәдени құндылықтар болып табылады.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2016 жылғы 13 мамырдағы «Қазақстан Республикасының музей қорын қалыптастыру және күтіп ұстау қағидаларын бекіту туралы» № 129 бұйрығының 2 тармағының 2.1 және 5.1 тармақшасына сәйкес, Қор сатып алу комиссиясының оң шешімінің негізінде ұсынылған мәдени құндылық – Алпысбай Қазғұловтың жеке коллекциясынан ұсынылған КСРО және Қазақстан суретшілер Одағының мүшесі, суретші-монументалист, портретші Әбдімәлік Бұқарбаевтың (1940-2019) «Мұхтар Әуезовтің портреті» (1990 жж.) майлы бояудағы авторлық туындысы.

Ұсынылып отырған туындыда Мұхтар Әуезов портреті жұмыс кабинетінің интерьер кеңістігі аясында бейнеленген. Кейіпкер тұлғасы үш ширек бұрылыс қалпында, бет-әлпетіне және айқастырылған қол қимылына ерекше назар аударыла отырып көрсетілген. Қою түсті костюм, ақ жейде және галстук таққан, пенжектің өңірінде төсбелгі орналасқан. Бет-әлпеті реалистік мәнерде жазылған, даралық белгілері мұқият нақышталып, жарық-көлеңке арқылы жұмсақ модельдеу берілген. Артқы фонда кітаптарға толы кітап сөресі, сондай-ақ интерьер элементтері көрініс тапқан.

Әбдімәлік Бұқарбаев – суретші-монументалист, КСРО және Қазақстан суретшілер Одағының мүшесі, екі дүркін Өзбекстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1976 және 1982 жж.), Өзбекстан Республикасы СО Академиясының мүшесі, "Құрмет белгісі" орденімен, «ҚР Тәуелсіздігіне 10 жыл» медалімен марапатталған.

Суретшінің шығармашылығы жанрлық әр алуандығымен ерекшеленеді, алайда онда портреттік кескіндеме ерекше орын алады. Автор Қазақстанның көрнекті өкілдерінің бейнелер галереясын жасады, олардың қатарында Әл-Фараби, Бауыржан Момышұлы, Әлкей Марғұлан, Тоқтар Әубәкіров, Бибігүл Төлегенова және т.б. бар.

Әбдімәлік Бұқарбаевтың Алматы, Тараз, Астана және Түркістан қалаларында өткен көрмелерімен қатар, Москва, Хельсинки т.б. Халықаралық көрмелерге қатысушы. Автордың жұмыстары керемет және жоғары бағаланып жүр.

Әбдімәлік Бұқарбаевтың кескіндемелік мәнері пішінді мұқият өңдеуімен, тұтастығымен және нанымды монументалды образ жасауға ұмтылысымен ерекшеленеді.

Аталған шығарма Ә.Бұқарбаевтың бірегей авторлық жұмысы болып табылады және ұлттық тақырыпты көркем бейнелеу тұрғысынан көркемдік құндылыққа ие.

Бас қор сақтаушы **Р.Тұрсымбекова**